



№1-2 (258-259)  
АҚПАН  
ФЕВРАЛЬ  
2026 ЖЫЛ

# АБАЙ UNIVERSITY

АБАЙ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ



2022 жылдың  
тамыз айынан бастап  
шығады

## АТА ЗАҢ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰЖАТ

Жаңа Конституцияға байланысты ерікті жастар форумы өтті

Абай университетінің Сорбонна-Қазақстан институтында «Волонтерлікті дамытудың конституциялық негіздері. Оның құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы ролі» атты ерікті жастар форумы өтті. Референдум қарсаңында өткен іс-шараны ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен «Жақсылық акселераторы – Izgilik Elshisi» ұлттық волонтерлік қозғалысы ұйымдастырды.

Ел ертеңіне бейжай қарамайтын волонтер жастар бас қосқан форум жұмысын Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» республикалық жалпыұлттық коалиция мүшесі Болат Тілеп ашып, жана Конституция еріктілік пен волонтерлік қызметті тек әлеуметтік көмек көрсету ретінде ғана емес, мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық қоғамды қолдау қағидатының құрамдас бөлігі ретінде танып отырғанын жеткізді. Мәселен, жана



Бас құжаттың 31-бабының екінші тармағына «...Қазақстан Республикасы әлеуметтік сактандыруды, басқа әлеуметтік кепілдіктерді,

еріктілік (волонтерлік) және қайырымдылық қызметті қолдайды» деген норма қосылған. Бұл норма еріктілік қызметтің Конституция

деңгейінде ресми түрде танылғанын көрсетеді.

(Жалғасы 2-бетте)



«ДОСТЫҚ 13»  
СЕРИАЛ БАСТАЛДЫ 4-бет



АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ  
ЗАМАНАУИ 6 ЗЕРТХАНА  
АШЫЛДЫ 5-бет



«АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ» ГАЗЕТІ –  
ТҰҒЫШ УНИВЕРСИТЕТ  
ШЕЖІРЕСІ 8-бет



Маңызды  
мәселелер  
талқыланды

Абай университетінде Ғылыми кеңес кезекті мәжілісінің отырысы өтті. Отырысты университеттің Басқарма төрағасы-Ректоры Болат Тілеп ашып, жүргізді. Ол өз сөзінде жоғары оқу орнының стратегиялық дамуы ғылым сапасымен, басқару тиімділігімен және халықаралық ықпалдастықпен тікелей байланысты екенін атап өтті.

Жиында университеттің 2025 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері сараланып, алдағы даму көзжиектері талқыланды. Өткен жылы ғылыми жарияланымдар саны артып, халықаралық әріптестік байланыстар нығайған. Ғылыми жобалардың білім беру үдерісіне енгізілуі мен коммерциаландыру бағыты да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бұл – оқу орнының ғылыми орталық ретіндегі әлеуетінің күшейгенін көрсетеді.

Университет қаржыландыратын ішкі ынталандыру гранттарының нәтижелері де назарға алынды. Аталған бастама жас ғалымдардың зерттеу белсенділігін арттырып, тың ғылыми жобалардың жүзеге асуына мүмкіндік берген. Ішкі гранттар ғылыми бәсекелестікті қалыптастырып, зерттеу мәдениетін дамытуға ықпал етуде.

(Жалғасы 3-бетте)

### Абай университеті «Атамекен» рейтингінде көш бастады

Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы жыл сайын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына тәуелсіз және объективті баға беріп, еңбек нарығының нақты сұранысына сай рейтинг қалыптастырады. Бұл жоба оқу бағдарламаларының сапасын, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін және мамандықтардың бәсекеге қабілеттілігін кешенді түрде бағалауға бағытталған.

Бағалау жүйесінде білім беру бағдарламасының сапалық көрсеткіштері 24 пайыз, бағдарламаның жетістіктері 16 пайыз, жоғары оқу орнының жалпы индикаторлары 11 пайыздан тұрады. Ал ең салмақты көрсеткіш – түлектердің мансаптық перспективаларына 49 пайыз үлес беріледі. Бұл көрсеткіш жұмысқа орналасу деңгейі, жұмыс іздеу ұзақтығы және орташа жалақы көлемі сияқты маңызды параметрлерді қамтиды. Осы арқылы «Атамекен» рейтингі жоғары білім мен еңбек нарығы арасындағы байланысты нығайтып, талапкерлерге сұранысқа ие мамандықтарды таңдауға нақты бағдар береді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2025 жылғы білім беру бағдарламалары рейтингінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 45 білім беру бағдарламасы жоғары бағаланып, рейтингке енді. Бұл көрсеткіш университеттің педагогикалық кадр даярлау саласындағы тұрақты көшбасшылығын айғақтайды.

(Жалғасы 4-бетте)

### УНИВЕРСИТЕТТЕР АЛДЫНДАҒЫ ЖАҢА МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ



Алматыда ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның қатысуымен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білім мен ғылым: цифрландыру және жасанды интеллект жылы» атты кеңейтілген алқа отырысы өтті.

Кеңейтілген алқа отырысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өткен жылғы атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беріп, 2026 жылы жүзеге асырылатын жоспарымен бөлісті. Жоғары білім мен ғылым жүйесін сапалық тұрғыдан жаңғыртудың алдағы кезеңіне арналған басым бағыттары нақтыланған жиынның күн тәртібі кең ауқымды мәселелерді қамтиды. Олардың ішінде, білім беру саясатының нәтижелері, университеттердің ғылыми әлеуеті, халықаралық серіктестік, инженерлік білім берудің жана

үлгілері, цифрлық шешімдерді енгізу және бизнес құрылымдарымен өзара іс-қимыл тетіктері талқыланды.

Аида Балаева шетелдік филиалдардың құқықтық мәртебесін нақтылау, гранттық және бағдарламалық-нысаналы жобалардың нәтижелерін ашық әрі қолжетімді ету, ғылым мен жоғары білім жүйесін цифрландыруды жеделдету, жасанды интеллект технологияларын енгізу және білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестендіру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Айтолқын АРҒЫНОВА



## ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

19 ақпанда «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Алматы қалалық жалпыұлттық коалициясының мүшелері Абай университетінің ұжымымен кездесу өткізді. Жиын барысында алдағы жалпыхалықтық референдумның мазмұны мен маңызы түсіндіріліп, жаңа Конституция жобасына енгізілген негізгі өзгерістер мен толықтырулар айтылды.

Кездесуге ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспан, Алматы қалалық мәслихатының төрағасы, қалалық коалиция төрағасы Мейіржан Отыншиев, «Жастар Рухы» ЖК Алматы қалалық филиалының төрағасы Дидарбек Ділдебек, «Атапат» партиясы Медеу аудандық филиалының төрағасы Ержан Медеуов, сондай-ақ университеттің Академиялық қызмет жөніндегі проректор Бану Нарбекова мен Аппарат басшысы, коалиция мүшесі Жанатбек Ішпекбаев бастаған оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Жиында сөз бастаған Ержан Медеуов референдумның ел бо-

лашағы үшін айрықша маңызды екенін, бұл шешім Қазақстанның алдағы даму бағытын айқындайтын тарихи қадам боларын алға тартты. Сондай-ақ ол университет ұжымын қоғамдық-саяси үдерістерге бейжай қарамай, өз ұстанымдарын саналы түрде білдіруге шақырды. Мәжіліс депутаты Айгүл Сейфоллақызы Конституцияны ел дамуының басты манифесі ретінде бағалап, оның преамбуласына ерекше тоқталды. Ата Заңның кіріспе бөлімін Тәуке ханның «Жеті жарғысымен» сабақтастыра отырып, Ұлы даланың мыңжылдық рухани мұрасы мен тарихи жалғастығы көрініс тапқанын айтты.

Қалалық коалиция төрағасы Мейіржан Отыншиев Конституцияны жаңарту үдерісінің қалай жүзеге асқанын баяндап, құжаттың тікелей қазақ тілінде әзірленгенін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, жаңартылған Конституцияда білім мен ғылымды дамыту, инновацияны қолдау және адам құқықтарын цифрлық кеңістікте қорғау мәселелері қамтылған. Коалиция төрағасы жиналған қауымды мемлекеттік құжатпен мұқият танысып, өз ұстанымдарын саналы түрде білдіруге шақырды.

Абай университетінің докторанты, Алматы қалалық «Жастар рухы» ұйымының төрағасы Дидарбек Ділдебек Қазақстанның даму бағыты білім мен ғылымға негізделуі тиіс екенін айтып, шикізаттық модельден зияткерлік экономикаға көшу қажеттігін жеткізді.

– Дүниежүзі білім мен ғылым арқылы дамып жатқан кезеңде Қазақстан да осы бағытта ілгерілеуі керек. Дамыған мемлекеттердің қатарына қосылу – ортақ мақсатымыз. Жаңа Конституция осы жолға негіз болады. Сондықтан осыған қатысты өз көзқарастарыңызды қалыптастырып, сауатты түрде азаматтық позицияларыңызды білдіріңіздер», – деп референдумға белсенді қатысуға шақырды.

Айта кетейік, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» қалалық коалициясының құрамында 200-ге жуық өкіл бар. Олар қала аудандарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Басты мақсат – ашық қоғамдық диалог орнатып, әр азаматтың ел болашағын айқындауға саналы түрде қатысуына мүмкіндік жасау.

Айзере ШЫНАТ

## АТА ЗАҢ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰЖАТ

Жаңа Конституцияға байланысты ерікті жастар форумы өтті

(Басы 1-бетте)

ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия төрағасы Игорь Рогов модератор міндетін атқарып, форум жұмысына ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілі Артур Ластваев, Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев, Қазақстан криминология қауымдастығының президенті Өмірәлі Жалаири, «Акселератор добра – Izgilik Elshisi» волонтерлік қозғалысының жетекшісі Айнұр Сабитова бастаған белгілі тұлғалар мен әртүрлі ЖОО-дан келген 200-ден астам ерікті-студент қатысты.

ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілі Артур Ластваев өз сөзінде Жаңа Конституциядағы фундаменталды адам құқықтарына жеке-жеке тоқтала келе:

– Жаңа Конституцияда алғаш рет еріктілер қызметіне мемлекеттік қолдау көрсету және оны ынталандыру нормалары конституциялық деңгейде бекітілді. Бұл – сіздердің ортақ жетістіктеріңіз, құрметті еріктілер. Бұл жаңалық волонтерліктің жекелеген азаматтардың жеке бастамасы ғана емес, мемлекет мойындаған және қорғалатын конституциялық құндылық екенін айқындайды, – деді.

Форумның ашылуына арнайы бейнеқұттықтауын жолдаған ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат

Нұрбек студент-еріктілердің азаматтық белсенділігі мен қоғамдық бастамаларға атсалысуының маңыздылығын атап өтті.

– «Izgilik Elshisi» ұлттық еріктілер қозғалысы «Жақсылық акселераторы» жобасының қатысушыларына ерекше ризамын. Сіздердің құқықтық-ағартушылық ынталарыңыз, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарыңыздың қоғамдық мәні зор. Бұл форумның ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиямен бірлесіп өткізілуі мемлекет, білім беру ұйымдары және азаматтық қоғам институттары арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың нақты үлгісін көрсететіні сөзсіз, – деді министр Саясат Нұрбек.

Министр өз сөзінде еріктілер қозғалысы жауапкершілігі жоғары, өзара көмек пен заңдылық қағидаттарына негізделген жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыруға ықпал ететінін жеткізді. Сонымен қатар, волонтерлердің құқықтық-ағартушылық қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және экологиялық мәдениетті дамыту бағытындағы жұмыстарының қоғамдық маңызына ерекше тоқталды.

Форум конституциялық рефор-

ма жағдайында еріктілерді қолдай отырып, жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, азаматтық жауапкершілігін арттыру, заңдылық пен адалдық қағидаттарын орнықтыру мәселелерін тиімді талқылауға септігін тигізді. Сараптамалық сессия барысында конституциялық өзгерістердің мазмұны, азаматтық белсенділікті дамыту тетіктері, сондай-ақ студенттік волонтерлік жобалар таныстырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, әлеуметтік және экологиялық бағыттағы волонтерлік тәжірибелер кеңінен сараланды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық деңгейде волонтерлікті қолдау бастамасын көтеріп, оның Біріккен ұлттар ұйымының Бас ассамблеясының 75-сессиясында «Халықаралық еріктілер жылы» деп жариялау ұсынысы қолдау тапқан болатын. Осы бастама аясында ұйымдастырылған форум – волонтерлік қозғалыстың құқықтық және институционалдық негіздерін нығайтуға бағытталған маңызды іс-шара.

Форумның қорытындысында «Акселератор добра: Izgilik Elshisi» қозғалысына жаңа мүшелерді салтанатты қабылдау рәсімі өтіп, белсенді еріктілерге алғыс хаттар табысталды.

Айзере ШЫНАТ

### Қысқа-нұсқа

23-27 ақпан аралығында Абай университетінде болашақ педагогтарды кәсіби қолдау мақсатында әдістемелік «десант-сабақтар» өтті. Бұл іс-шараны Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары ұйымдастырды.

«Мейірімділік декадасы» аясында ерекше әрі жанға жылу ұялататын спорттық іс-шара өтті. Дене мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында ұйымдастырылған қорнхолдан жарыс – тек спорттық сайыс қана емес, сонымен бірге студент еріктілері мен қатысушылар арасындағы сыйластықты, ізгі қарым-қатынасты арттыруға бағытталған әлеуметтік оқиға.

Бүкіләлемдік білім күніне орай «EduFest Hackathon: Білімнің болашағы жастар көзімен» атты студенттік хакатон өтті. Әртүрлі факультет студенттерінен құралған командалар инновациялық идеяларын ортаға салып, білім беру саласын дамытуға бағытталған заманауи әдіс-тәсілдер ұсынды. Алматы қаласының ЮНЕСКО Аймақтық кеңсесімен ынтымақтастықта өткізілген студенттік хакатон жаңашыл жастардың жарқын идеялары қозғалған бастамасына айналды.

«Заң және тәртіп – әділетті қоғамның негізі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Кездесуге Алматы қаласы Полиция департаменті штабының бастығы, полиция полковнигі Айжан Рамиева, Ақпараттық саясат басқармасының бастығы, полиция полковнигі Салтанат Әзірбек, сондай-ақ университет басшылығы мен студенттер қатысты.

Елімізге танымал спортшылармен «Күшті рух – мықты ел» тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге Олимпиада чемпионы Бақыт Сәрсекбаев, грек-рим күресінен Қазақстан чемпионы Алмат Кебіспаев және кәсіпқой боксшы Айдос Ербосыңұлы келді. Олар спорт жолындағы қиындықтар мен жетістіктерін бөлісіп, жастарды жігерлендерді.

Қазақстан халқы 15 наурызда жаңа Конституцияға референдум арқылы дауыс береді. Осындай тарихи бетбұрыс тұсында Абай университетінде Қазақстан Конституциясы мен заң саласына зор еңбек сіңірген Салық Зимановтың 105 жылдығына арналған «Зиманов энциклопедиясының» тұсауы кесілді. Басылым жаңа Конституция мен бұған дейінгі Ата Заңдардың арасындағы тарихи сабақтастық үшін өте маңызды. Оған танымал академик-ғалымдар мен заңгерлер және ғылыми қауымдастық мүшелері қатысты.

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ МҰРАСЫ

Қазақстанда құқықтық мемлекет қағидаттарын жаңғырту, конституциялық реформаларды жетілдіру мәселесі өзектілігін жоғалтқан емес. Мемлекет тұрақтылығының басты кепілі саналатын Конституцияның тарихи негіздерін зерделеу, оны қалыптастыруға үлес қосқан тұлғалардың ғылыми мұрасын жанаша бағалау – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Еліміздің тұңғыш және қолданыстағы Конституциясын қалыптастыруда зор үлес қосқан ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымының заңғар тұлғасы Салық Зимановтың 105 жылдығына орай ұйымдастырылған бұл жиын «Жаңа Конституция – мемлекет тұрақтылығының кепілі» атты тақырып аясында өрбіді. Басқосуды университеттің Зерттеу қызмет және инновация жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан ашып, Салық Зимановтың құқықтық ғылымдағы орны мен Конституция дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

– Салық Зиманов кенестік кезеңде отандық заң ғылымының негізін қалаушылардың бірі ретінде елге белгілі болса, тәелсіздіктің алғашқы сындарлы жылдарында ғылыми мол тәжірибесін ұлттық мемлекеттің іргетасын бекітуге жұмсады. Ол еліміздің заңнамалық негізін қалыптастыруға бағытталған бірнеше конституциялық актілердің әзірленуіне тікелей атсалысты. Конституция туралы құжаттың өмірге жолдама алуына зор еңбек сіңірді, – деді проректор.

Іс-шара барысында «Зиманов энциклопедиясы» басылымының тұсауы салтанаты түрде кесіліп,

еліміздің бір топ заңгер-ғалымдары Салық Зимановтың 100 жылдығына арнайы шығарылған мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды. Салық Зиманов энциклопедиясы – Қазақстандағы құқықтық ғылымның және конституциялық дамуға өлшеусіз үлес қосқан С.Зимановтың өмірі мен қызметін, ғылыми еңбектерін, қоғамдық және мемлекеттік қызметтегі рөлін жан-жақты камтитын бірегей басылым. Энциклопедия Қазақстандағы Конституцияны қалыптастырудың дәстүрін көрсете отыра, елімізде қабылданатын Жаңа Конституция жобасының тарихи сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Айгүл Құспан, ҚР ҰҒА академигі Мұрат Жұрынов, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, Қазақстан ғалымдар қауымдастығының төрағасы Оразалы Сәбден бастаған белгілі тұлғалар сөз сөйлеп, Қазақстан конституциялық құқық ғылымы мен Салық Зиманов туралы пікір білдірді. Салық Зимановтың ғылыми мектебі, шақірттері мен құқықтық мемлекет қалыптастыруға қосқан үлесі туралы ой бөлісіп, басылымның ғылыми әрі тарихи маңызына ерекше тоқталды.

Ғалымдардың пікірінше, энциклопедияда көтерілген идеялар референдум арқылы қабылданбақ жаңа Конституция қағидаттарымен үндесіп, оның құқықтық сабақтастығы маңыздылығын айқындай түспек.

Бифат НҰРМАХАНҚЫЗЫ

# АБАЙТАНУШЫЛАР БАС ҚОСТЫ

Абай университетінде «Қайым Мұхамедханов – 110 жыл: Ұлт руханияты, ғылым және абайтану мәселелері» атты халықаралық симпозиум өтті. Симпозиум аясында «Қайым Мұхамедханов атындағы абайтану дәрісханасының» тұсауы салтанатты түрде кесіліп, қатарынан бірнеше кітаптың таныстырылымы болды. Республикалық деңгейдегі бұл жолғы алқалы жиын ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, абайтанушы, текстолог Қайым Мұхамедхановтың ғылыми мұрасын жаңаша пайымдауға арналды.

Дәрісхананың тұсауын Академиялық қызмет жөніндегі проректор Бану Нарбекова, Филология факультетінің деканы Алуа Танжарықова, профессор Фаузия Шамсияқызы және әдебиеттанушы Балтабай Әбдіғазин кесті. Симпозиумға Қайым Мұхамедхановтың ұлы Дегдар Қайымұлы мен қызы Дина Қайымқызы да арнайы қатысып, әке мұрасына көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдірді.

Академиялық қызмет жөніндегі проректоры Бану Нарбекова өз сөзінде Қайым Мұхамедхановтың бар ғұмырын алаштану мен абайтануға арнағанын атап өтті. «Қуғын-сүргінге ұшыраса да, тағдыр сынына мойымаған тұлғаның елге адал қызметі бүгінгі ұрпаққа үлгі» деді ол. Сонымен қатар Қайым Мұхамедханов атындағы абайтану дәрісханасының ашылуы әдебиеттанушылар мен педагогтерді даярлайтын кара шаңырақ үшін тарихи мұра және Абай құндылықтарын дәріптеуге берік негіз болатынын жеткізді.

Симпозиумда құттықтау сөз сөйлеген М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, академик Кенжехан Матыжанов Қайым Мұхамедхановтың ғылыми батылдығы мен абайтанудағы ерекше еңбегіне тоқталды.

— Қайым Мұхамедхановтың жетекшілігімен 30-дан аса диссертация қорғалды. Бүгінде Абай шәкірттері мен ізбасарлары мектептер мен



жоғары оқу орындарында оқытылып келеді. Бұл — қазақ әдебиетіндегі бірегей ғылыми мектеп, ұлт мақтанышы. Осындай жанкешті еңбегі үшін ол 1951 жылы саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 25 жылға бас бостандығынан айырылды. Соған қарамастан, ғұмыр бойы Абай сөзінің түпнұсқасын сақтаумен айналысты, текстологиялық талдау жасап, ғылыми түсініктемелер жазды. Бүгінгі жастар еркін заманда өмір сүріп жатыр. Конституцияның ең басты құндылығы — адамның еркіндігі. Ал осы еркіндікті Қайым Мұхамедханов сынды тұлғалар ғұмыр бойы армандады. Сіздер бақыттысыздар, — деді академик.

Сонымен қатар жиында Шәкәрім университетінің ректоры Думан Рымғалиұлы және Түркия Республикасы консуллығының білім жөніндегі атташесі, профессор Шүкір Көше құттықтап сөз

сөйледі. Олар да Қайым Мұхамедхановтың еңбегін жоғары бағалап, симпозиум жұмысы мен абайтануға арналған дәрісхананың ашылуы қазақ ғылымы мен мәдениеті үшін тарихи қадам екенін айтты.

Халықаралық симпозиум офлайн және онлайн форматта өтіп, онда баяндама жасаған белгілі ғалымдар қазіргі абайтану ғылымы мен Қ.Мұхамедхановты байланыстыратын идеяларын ортаға салды. Шара барысында Қайым Мұхамедхановтың еңбектері мен ғалымға арналған бірнеше ғылыми басылымның тұсауы кесілді. Кітаптарды Қайым Мұхамедханұлы атындағы Білім және мәдениет орталығының директоры, ғалымның қызы Дина Қайымқызы университет қорына сыйға тартты.

Бифат ЕЛТАЕВА

## Маңызды мәселелер талқыланды

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, 2026 жылға арналған маркетингтік стратегия таныстырылып, білім беру нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру тетіктері сөз болды. Цифрлық коммуникация арналары арқылы талапкерлермен жұмысты жетілдіру, университет брендин күшейту және халықаралық аудиториямен байланысты нығайту негізгі басымдық ретінде белгіленді.

Ғылыми кітапхана қызметін жаңғырту, әлемдік цифрлық платформалар мен ірі ғылыми дерекқорлар ресурстарын кеңінен пайдалану мәселесі де талқыланды. Бұл бағыттағы жұмыстар оқытушылар мен білім алушылардың заманауи ғылыми апаратқа қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

«Education Management School» орталығының қазіргі ахуалы мен даму перспективалары да сарапқа салынды. Білім менеджменті саласындағы ғылыми-әдістемелік жобаларды жетілдіру, кәсіби біліктілікті арттыру бағдарламаларын кеңейту және халықаралық әріптестікті дамыту жоспарлары ұсынылды.

Ғылыми кеңес отырысында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Бифат ЕЛТАЕВА



## Шәрапи Әлжанов және «Қызыл террор»

Қазақ педагогика ғылымының көрнекті өкілі, бүгінгі Абай университетінің қалыптасу тарихында елеулі орны бар тұлға, «Қызыл террор» уақытында нақақтан-нақақ «халық жауы» деген жаламен атылған репрессия құрбаны, профессор Ш.Әлжановтың туғанына 125 жыл толуына орай «Профессор Шәрапи Әлжанов және ҚазҰПУ» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жұмысына университет басшылығы, мемлекеттік мекемелердің өкілдері, архив және кітапхана саласының мамандары, әр өңірден келген ғалымдар мен зерттеушілер қатысты.

Алаштың аяулы перзентін еске алу шарасы ең алдымен Жаңалық ауылында басталды. Ақмола, Алматы облысы әкімдіктерінің және Абай университетінің қолдауымен Саяси қуғын-сүргін құрбандары ескерткішінің жанынан Шәрапи Әлжановтың 125 жылдығына арналған мемориалдық құлпытас орнатылды. Ғалымның рухына құран бағышталды.

Тағылымды іс-шара содан кейін Абай университеті қабырғасында ғылыми-тәжірибелік конференциямен жалғасып, ғалымның ағартушылық мұрасын, ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуындағы ролін жан-жақты талқылауға арналды. Жиынды ашқан Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Максат Жақау «Бұл конференция — ұлттық ғылымның дамуына, жас зерттеушілердің ғылыми ізденістеріне жаңа серпін беретін маңызды қадам» деген бағасын берді. Пленарлық отырыста ұлттық педагогика саласының көрнекті өкілінің ғылыми-педагогикалық мұрасы,

қазақ білім беру жүйесінің қалыптасуындағы орны мен ұлттық мектептің дамуына қосқан үлесі жан-жақты ашылды.

Біржан сал ауданының құрметті азаматы, «Шәрапидің ізімен» жобасының авторы Мұрат Ыдырысұлы ғалымның туған жеріне байланысты деректерге тоқталса, педагогика ғылымдарының докторы Рымшаш Кәмешқызы «Шәрапи Әлжанов және Абай атындағы ҚазПИ мен педагогика кафедрасының институционалдық қалыптасуы» тақырыбында баяндама жасады. ҚР Орталық мемлекеттік архиві директорының орынбасары Марзия Ғаниқызы архив құжаттары негізінде тарихи деректермен таныстырса, ҚР Ұлттық кітапхана директоры Ғазиза Құдайбергенқызы ұлттық мұраны сақтау мен зерттеудің маңызы жөнінде сөйледі.

PhD докторант Ертау Біләл «Қайраткер Шәрапи Әлжан және қазақ ағартушылығы» тақырыбында баяндама жасап, ғалымның ағартушылық қызметін саралады. Ал тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Дәулет Әбенев Алаш перзентінің өмірі мен қызметіне қатысты тың архив деректеріне үнілді. Өзге де баяндамашылар ғалымның ғылыми мұрасын жан-жақты саралап, оның ұлттық педагогика ғылымының дамуына қосқан өлшеусіз үлесін, ағартушылық бағыттағы табанды қызметін және қоғамдағы азаматтық ұстанымын кеңінен сөз етті.

Ғылыми басқосу соңында Ақмола облысы әкімдігі тарапынан Абай университеті басшылығы мен қызметкерлеріне арнайы марапат тапсырылып, репрессия құрбаны, ұлттық педагогика ғылымының көрнекті өкілінің рухына арналған ас берілді.

Айзере ШЫНАТ



## АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Ғылым ордасында жоғары білім және ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендия лауреаттары салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Мұнда отандық ғылымның дамуына үлес қосып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбегі жоғары бағаланды. Бұл жоғары білім саласындағы оқытушылар мен зерттеушілердің әлеуетін арттыруға, білім мен ғылымның қоғамдағы ролін күшейтуге бағыттала отыр. Республикалық деңгейдегі марапат иелерінің қатарында Абай университетінің ғалымдары да бар.

Салтанатты басқосуға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, зиялы қауым өкілдері және жетекші ғалымдар мен оқытушы-профессорлар қатысты.

Жиынды ашқан Саясат Нұрбек мемлекет дамуындағы жоғары білім мен ғылымның роліне тоқталып, алдағы жүктелген міндеттерді саралады. Сонымен қатар, «мыннан тұлпар, жүзден жүйрік» шыққан үздік ғалымдарды құттықтап, зор табыс тіледі.

Сахна төріне шығып марапат алған үздіктердің қатарында Абай университетінің бір топ ғалымы болғанын айта кетіміз керек. Атап айтсақ, п.ғ.д., профессор-зерттеуші Ұлжарқын Абдигапбарова «Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері» атанса, PhD, Өнер факультетінің деканы Кәрім Байғұтов «Дарынды жас ғалымдарға арналған ғылы-

ми стипендия иегерлері» республикалық байқауының жеңімпазы және «Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері» атанды.

— Бұл — тек жеке жетістік емес, бұл — отандық ғылымға көрсетілген қолдаудың нақты нәтижесі. Осындай мүмкіндік жасап, ғылым мен жоғары білім саласына айрықша көңіл бөліп отырған Мемлекет басшысына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне, сондай-ақ бізге әрдайым қолдау көрсетіп келе жатқан университет басшылығына ризашылығымды білдіремін. Бұл сенім бізге жаңа ғылыми ізденістерге жол ашып, ел дамуына қызмет етуге үлкен жауапкершілік жүктейді, — деді Кәрім Байғұтов көрсетілген жоғары сенім мен қолдау үшін алғысын білдіріп.

Сонымен қатар, жоғары білім берудегі педагогикалық шеберлігін нықтаған 7 оқытушы-профессор «ЖОО-ның үздік оқытушысы — 2025» атағын иеленді. Олардың қатарында геогр.ғ.д., профессор Бахадурхан Абдиманов, х.ғ.к., қауымдастырылған профессор Жазира Мукатаева, PhD, Биология кафедрасының меңгерушісі Асия Майматаева, PhD, аға оқытушы Ерлан Исаков, PhD, Ғылымметрия және ғылыми басшылар орталығының жетекшісі Санат Құмарбекұлы, пед.ғ.к., постдокторант Адлет Кариев, PhD, аға оқытушы Нуржанат Шакирова бар.

Бұл марапаттар — Абай университеті ғалымдарының жүйелі еңбегін, ғылыми әлеуетін және білім мен ғылымды ұштастыру жолындағы табанды ізденістерін көрсетері анық.

Ақбота ҚУАНЫШБЕКОВА

## РЕКТОРДЫҢ СТУДЕНТТЕРМЕН ҚОРЫТЫНДЫ КЕЗДЕСУІ

Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп екі апта бойы барлық факультет студенттерімен ашық форматта кездесу өткізгені белгілі. Бүгін «еркін микрофон» түрінде өткен осы кездесу өз жұмысын қорықты. Қорытынды басқосуда да бұған дейін айтқанымыздай, саясаттан бастап студент асханасына дейін сөз болып, ашық әңгімеде университеттің академиялық саясаты мен инфрақұрылымын дамытуға байланысты ұсыныс-пікірлер тыңдалды.

Университет басшылығы мен студенттер арасындағы өрбіген емен-жарқын кездесу барысында білім алушылар өз сұрақтарын қоюға еш қысылған жоқ. Оқу корпустарының ахуалы, материалдық-техникалық базаны жаңғырту, білім беру кеңістігін заманауи талаптарға сәйкестендіру жайы тақырыпқа өзек болды.

— Еліміздегі тұңғыш ашылған жоғары оқу орны — Абай университеті. Алдағы уақытта қара шанырақтың 100 жылдық мерейтойын атап өтеміз.



Ғасырлық тарихы бай оқу ордасының қазіргі өзекті мәселелерін анықтап, студенттердің ой-пікірін тыңдауға жиналды. Сондықтан, қандай да бір ұсыныстар мен сұрақтарыңыз болса, ашық айтыңыздар, — деді университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Анапияұлы.

Кездесу барысында білім алушылар көкейтесті сауалдары мен жанашыл идеяларын университет басшылығына жеткізіп, ашық диалог орнатты. Тіпті, шетелдік студенттердің виза рәсімдеу, көші-кон талаптары, әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу барысындағы

қиындықтармен күресу де кеңінен қозғалды. Ректор университет тарапынан барлық қолдау көрсетіліп, түйінді күрделіліктерді шешуге дайын екенін жеткізді.

Сондай-ақ академиялық ұтқырлық бағдарламасының жүзеге асырылуы, студенттердің тәжірибе ал-

масуы да айтылды. Шетелдік жоғары оқу орындарымен студент алмасу бағдарламаларын көбейту, серіктес университеттер санын арттыру жөнінде пікірлер ортаға салынды. Екі апта бойы ашық диалог форматында өткен кездесулерде студенттер өз ойларын университет басшылығына еркін жеткізуге мүмкіндік алды.

— Университет студенттерімен ашық кездесіп, біз үшін маңызды мәселелерді тыңдағаныңызға алғысымызды білдіреміз. Студенттердің талап-тілектерін ескеріп, оқу ордасын дамытуға бағытталған жобалар жүзеге асады деп сенеміз. Бұл кездесу — біз үшін ерекше мүмкіндік болды, — деді Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің студенті Абишева Асылзат.

Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп Анапияұлы өткен аптадан бері әрбір факультет студенттерімен кездесіп, олардың барлық өтініштерін тыңдаған болатын. Әрбір білім алушының ұсыныс-пікірі назардан тыс қалмақ емес.

Айтолқын  
НҮРЖАУСЫНҚЫЗЫ

## Абай университеті «Атамекен» рейтингінде көш бастады

(Басы 1-бетте)

Аталған бағдарламалардың ішінде 7 білім беру бағдарламасы өз бағыттары бойынша 1-орынды иеленді. Атап айтқанда, олар — «Бастапқы әскери дайындық — дене шынықтыру және спорт», «Информатика және робототехника», «Химия», «География» (IP), «География-тарих», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «Арнайы педагогика». Бұл бағыттар бойынша білім алып шыққан түлектердің еңбек нарығындағы сұранысы өте жоғары.

Сонымен қатар, университеттің 10 білім беру бағдарламасы ТОП-3 қатарына, ал 28 бағдарламасы ТОП-10 үздік бағдарламалар тізіміне енді. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту», «Бастауыш білім беру педагогикасы», «Математика», «Физика», сондай-ақ «Ағылшын тіліндегі информатика» бағдарламалары жоғары жұмысқа орналасу көрсеткіштерімен ерекшеленіп отыр.

Рейтинг нәтижелері бойынша Абай университеті түлектерінің орташа жұмысқа орналасу деңгейі 81,3 пайыз, ал жұмыс іздеу мерзімі орта есеппен 2,86 пайызды ғана алады. Кейбір бағдарламаларда бұл көрсеткіш одан да жоғары: «География-тарих» пен «Әлеуметтік педагогика» бағыттарында түлектердің 100 пайызға жуығы еңбек нарығына бірден бейімделсе, «Информатика және робототехника» бағдарламасында жұмысқа орналасу деңгейі 93 пайыз.

Бұл деректер Қазақстанда педагогикалық кадрларға, цифрлық технологиялар саласындағы мамандарға және арнайы білім беру қызметкерлеріне деген сұраныстың артып келе жатқанын нақты айғақтайды. Сонымен бірге университеттің оқу бағдарламаларын еңбек нарығы талаптарына сәйкес жүйелі түрде жанартып, практикалық бағыттағы білім беруге басымдық беріп келе жатқанын көрсетеді.

«Атамекен» рейтингіндегі жоғары көрсеткіштер Абай университетінің білім беру сапасын тұрақты түрде арттырып, бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға сай мамандар даярлап отырғанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл — талапкерлер үшін сапалы білім мен тұрақты болашаққа бастайтын сенімді таңдау екені сөзсіз.

«Abai University»  
медиа орталығы

## СУИЦИД ТАҚЫРЫБЫНДА ДӘРІС ӨТТІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, жыл сайын әлемде 800 мыңнан астам адам суицидтен көз жұмды. Бұл — әр 40 секунд сайын бір адам өз өмірімен қоштасады деген сөз. Демек, суицид саны соғыс пен зорлық-зомбылық салдарынан қаза тапқандар санынан да асып түскен. Аталған мәселенің елімізде де өршіп тұрғанын жасыра алмаймыз. Осыған байланысты бүгін Абай университетінде «Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында жастарға арналған қоғамдық дәріс өтті.

Дәрістің негізгі мақсаты — студенттердің психологиялық сауаттылығын арттыру, суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға түсінік қалыптастыру. Сондай-ақ, дағдарыстық жағдайларды ерте танып-біліп дамыту және психолог мамандардың көмегіне жүгіну мәдениетін нығайту.

Қоғамдық дәріс оқыған психиатр әрі психотерапевт Сергей Скляр болашақ психолог-педагогтарды толғандырған сұрақтарға кәсіби әрі нақты мысалдар арқылы тұшымды жауап берді. Ол адамдарды суицидке итермелейтін себептерді, әрекеттің мотиві мен мәнін егжей-тегжейлі түсіндіріп, осы тақырып төңірегінде қоғамда кең тараған бірқатар мифтерді жоққа шығарды. Оның пікірінше, адамды шектен тыс әрекеттерге итермелейтін негізгі факторлардың бірі — қате ойлардың же-



тегінде кету, жағдайды объективті бағалай алмау. Белгілі бір оқиғаға қатысты жансақ ой қалыптасса, бұл психоэмоционалдық күйдің ұшығуына әкелуі мүмкін.

Сергей Скляр суицидтік ойлар көбіне әлсіздіктің белгісі емес, керісінше көмекке шақыру сигналы екенін айтады. Мәселені дер кезінде танып, ашық айту және кәсіби қолдауға жүгіну — алдын алудың ең тиімді жолы.

— Әркім әлемді әртүрлі қабылдайды, яғни әр адамның санасында өзіндік виртуал әлемі бар. Сол себепті болған оқиғаға әркім өз ойында әрқалай көзқарас қалыптастырады. Педагогтың міндеті — тек білім беру емес, ойлауды үйрету. Оқушыға дүниені әр қырынан қарауды, әртүрлі жолмен пайымдай білуді үйрету маңызды. Тек сол кезде

ғана адамға шынайы көмек көрсете аламыз, — дейді Сергей Скляр.

Қоғам психолог пен психотерапевтке жүгіну әлі де «ұят» немесе «біртүрлі» әрекет ретінде қабылданатын көзқарастар бар. Алайда мұндай кездесулер осы қате түсініктерді жоюға, психикалық денсаулықты жалпы адам денсаулығының ажырамас бөлігі ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Мұндай қоғамдық дәріс — суицидтің алдын алудағы маңызды қадам. Өйткені жастар арасындағы психологиялық саулықты нығайту, өзара қолдау мен сенімді орта қалыптастыру — бүгінгі қоғам үшін стратегиялық маңызға ие.

Айзере ШЫНАТ

## «ДОСТЫҚ 13» СЕРИАЛЫ БАСТАЛДЫ

23 ақпаннан бастап «Хабар» телеарнасында студенттік өмірді арқау еткен «Достық 13» телесериалы көрермен назарына жол тартты. 20 бөлімнен тұратын туынды эфирден аптаның дүйсенбі-бейсенбі күндері сағат 22:00-де көрсетіледі.

«Достық 13» телесериалының атауы терең мағынаға ие. Ғасырлық тарихы бар, ұлт руханиятының алтын бесігі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы қаласындағы Достық даңғылы, 13 мекенжайында орналасқан. Бұл — талай буынның арманын асқақтатып, үлкен өмірге қанат қатқырған қасиетті білім ордасының нақты мекенжайы ғана емес, жастық шақтың символына айналған қара шанырақ.

Телехикая арман қуып, алып шаһарға келген жастардың тағдырын бейнелейді. Серил желісінде университет қабырғасындағы алғашқы қадам, жаңа орта, жаңа достар, толқыныс пен үміт, сенім мен ізденіс шынайы



көрсетілген. Студенттік кезең — адамның тұлға болып қалыптасар, жүрек қалауын танып, өмірлік жолын айқындайтын шақ. «Достық 13» сол кезеңнің боямасыз болмысын, нәзік сезімдері мен асқақ армандарын көгілдір экран арқылы жеткізеді.

Түсірілім жұмыстары университет аумағында өткен жылы жүргізілген болатын. Басты рөлдерді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, актер Бақытжан Әлпейісов, жастар аудиториясына кеңінен танымал Жасұлан Көпберген және кішкентайынан камера алдында шыңдалған Мерей Мақажан

сомдайды. Актерлік құрамның кәсіби шеберлігі мен жас буынның энергиясы сериалға шынайылық пен серпін береді.

Сонымен қатар, көрермен Алматының мәдени һәм тарихи келбетін тамашалап, қаланың көркем табиғаты мен тынысын сезіне алады. Келер күн көкжиегіне қол созған жастардың арманымен астасқан әсем шаһар көріністері туындыға ерекше романтикалық реңк береді.

«Достық 13» — бұл жай ғана студенттік өмір туралы сериал емес. Бұл — үлкен өмірге қадам басқан жас жүректің достыққа адалдығы, махаббатқа сенімі және биік мақсаттарға ұмтылысы туралы сырлы хикая. Университет қабырғасындағы әр аудитория, әрбір дәріс, әрбір сәт — болашаққа бастар үміттің күесі. Туынды көрерменді жастықтың шуақты кезеңіне жетелеп, студенттік шақтың қайталанбас сәттерін бірге сезінуге шақырады.

Айтолқын АРҒЫНОВА

# АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЗАМАНАУИ 6 ЗЕРТХАНА АШЫЛДЫ

Қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғылыми әлеуетті арттыруға, жас ғалымдарды қолдауға және ғылым инфрақұрылымын жаңғыртуға стратегиялық басымдық беріп отырғаны белгілі. Оған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі де қолдау танытып отыр. Осыған орай бүгін Абай университетінде ғылыми-тәжірибелік зерттеу жұмыстарымен айналысатын 6 зертхананың тұсауы кесілді. Жаратылыстану және география факультетінің базасында іске қосылған зертханалар тың жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



Абай университетінің қабырғасында ашылған алты зертхана түрлі бағыттарды қамтиды. Химия кафедрасы бойынша қолданысқа берілген бес зертхана аналитикалық химия, нанохимия, электрохимия және химиялық технологиялар салаларына арналса, Биология кафедрасында эксперименталдық биология бойынша іске қосылды. Заманауи зертханалар ғылыми-тәжірибелік зерттеу жұмыстарын жүргізуге, маман даярлау сапасын арттыруға және ғылымды дамытуға үлесі мол.

Мысалы, Эксперименталдық биология зертханасы – іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізетін материалдық-техникалық база. Бұл жерде биологиялық үрдістердің механизмдерін анықтауға, ғылыми гипотезаларды эксперименттік жолмен тексеруге мүмкіндік бар. Зертханада тірі ағзалардың өсуі мен дамуының заңдылықтарын зерделеп, патогенді микроағзалар және өсімдік ауруларының қоздырғыштары анықталады. Сыртқы орта факторларының биологиялық нысандарға әсері бағаланады.

– Бұл зертхана соңғы үлгідегі эксперименттік құрал-жабдықтармен жабдықталды. Мысалы, микроскоптар арқылы ұлпалардың өлшем-бірліктеріне дейін

көре аламыз. Климаттық камерамен өсімдіктердің меристемалық ұлпаларын және микроскопиялық саңыраулақтарды өсіруге мүмкіндік береді. Өсімдіктің ауруға қарсы иммунитеттік генін анықтауға ПЦР анализ машинасы да орнатылды. Сондықтан, эксперименталды биология зертханасының зерттеу мүмкіндігі өте жоғары, – дейді PhD доктор, қауымдастырылған профессор Қанат Ғалымбек.

Ал Электрохимия зертханасы – электр энергиясы мен химиялық процестердің өзара әрекеттесуін, соның ішінде коррозия, электросинтез және химиялық ток көздерін зерттейтін орталық. Мұнда студенттер мен жас зерттеушілер дипломдық жұмыстарды, ғылыми жобаларды дайындайды, өндірістік қолданбалы зерттеу жұмыстарымен айналыса алады.

Аналитикалық химия зертханасы қатты және сұйық фазаларды физика-химиялық талдауға, шикізат пен өнім талдау әдістемелерін жетілдіруге арналған. Нано-

химия лабораториясы – нанобөлшектерді синтездеу, зерттеу және қолданумен айналысатын орталық. Студенттер мен магистранттар электронды микроскопия және наноматериалтану салаларында ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге пайдаланады.

Шикізатты өңдеп, жаңа өнімдер алу үшін қолданбалы зерттеулер жүргізуге арналған Химиялық технология зертханасы ғылым мен өндірісті ұштастыратын алаң. Мұнда химиялық процестерді модельдеп, материалдарды сынақтан өткізеді. Жергілікті шикізатты пайдаланып, экологиялық таза өнімдер, емдік фитопрепараттар және жаңа химиялық қосылыстар әзірлейді.

Заманауи зертханалар сапалы маман даярлауға, ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға және іргелі әрі қолданбалы зерттеулер жүргізу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

Әзімбек ӘБДІҚҰЛҰЛЫ

Абай университетінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов Алматы қаласын дамыту бойынша жас ғалымдармен кездесу өткізді. Іс-шараға қалалық білім басқармасы басшысының орынбасары Сәкен Аралбаев, Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Мирас Нысаналиев және университеттің басқарма мүшелері мен зерттеушілер қатысты. Алатаудың бөктеріндегі ару қаланың білім беру жүйесін дамыту жөнінде жобалар таныстырылды.

## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫН ДАМУ ТУРАСЫ ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздегі ең ірі мегаполисті дамыту, қаланың инфраструктуралық және білім беру жүйесіндегі мәселелерін шешу әкімдік тарапынан басты назарда қаралып келеді. Осыған орай Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкеновты Абай университетіне арнайы келіп, жас ғалымдардың тың жобаларымен жан-жақты танысты. Әкімдік қызметкерлеріне зерттеушілер тарапынан мегаполисті дамытуда көлік, экология, жол қауіпсіздігі және инклюзивті білім беру бағытындағы ғылыми жобалар ұсынылды.

– Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны. Қазақ білім-ғылымының қарашаңырағы Алматы қаласында орналасқаны біз үшін де мәртебе. 100 жылдық мерейтойға үкіметтік деңгейде дайындық жұмыстары басталып та кетті. Сондықтан, университеттің инфрақұрылымын дамытуға, ғылыми әлеуетін арттыруға қалалық әкімдіктен



қолдау көрсетуге дайынбыз. Сонымен қатар, Алматыдағы білім беру саласының инфрақұрылымын дамытуға, жалпы қаланы өркендетуге бағытталған ғалымдардың тың жобаларымен танысуға келдім. Қалалық әкімдік жанынан ғылыми кеңес құрылып, мегаполистің тұрақты дамуына ғылыми ұсыныстар қарастырылады, – деді қала әкімінің орынбасары.

Абзал Нүкеновты университеттің ғылыми әлеуеті мен статистикалық көрсеткіштері, білім алушылардың контингенті, жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобалар мен бағдарламалар жоспары таныстырылды. Соның ішінде Алматы агломерациясындағы шағын қалаларды дамытуда шетелдік тәжірибелер сарапқа салынып, транспорттық хаб және қызмет көрсету сапасына бейімдеу басымдықтары айтылды. Мегаполисті жасыл қалаға айналдыруға бағытталған экологиялық ғылыми жобада органикалық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы биогаз өндіру әдіс-тәсілдері көрсетілді. Жобаларда экологияны қорғаумен қатар, экономикалық тиімді шешімдер ғылыми тұжырымдармен ұсынылды.

Сондай-ақ, жол құрылысының сапасын арттыруға бағытталған «Құм-топырақты жыныстардан мұнайды бөлуге арналған жылжымалы реактор» жобасы таныстырылды. Германия бизнесмендерінің қызығушылығын танытқан жобада резеңке ұнтақтары мен құрамында полимері бар қалдықтардан +40 градусқа шыдайтын шикізат алу тәсілдері қарастырылған. Мұндай технология арқылы жол сапасын арттырып, жарамдылық мерзімін ұлғайтуға болады. Бұл технология өндірістік және экологиялық қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді. Абзал Нүкеновты университеттегі жасанды интеллект бағытында атқарылып жатқан жобалар ерекше қызықтырды.

Айта кетейік, қазіргі таңда Абай университетінде 550-ден астам докторант, 1,5 мыңға жуық магистрант білім алып жатыр. Жалпы 100-ден астам ғылыми жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде 54 жобаны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландырады. Ғылыми жобалар білім беру, экология, жасанды интеллект және жаңа технологияға бағытталған. Университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға айрықша назар аударылып, 2029 жылға дейін зерттеу университетіне айналу көзделген.

Кездесуде жас ғалымдармен еркін пікір алмасып, қос тарап ғылым, білім және мемлекеттік құрылымдар арасындағы ынтымақтастықты дамытуға уағдаласты. Болашақта Алматы әкімдігінің қолдауымен перспективті ғылыми жобалар мен ұсыныстардың жол картасы әзірлеу жолдары қарастырылмақ.

Әзімбек ҚОЙЛЫБАЙ



## «Заң мен тәртіп» – қауіпсіздік кепілі

Абай университеті қабырғасында бүгін жас ұрпақтың санасына ой салар тағылымды кездесу өтті. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында «Таңдау құны: Жауапкершілік – есею белгісі» тақырыбы қозғалды. Кездесуде шынайы оқиғаларға негізделген қысқаметражды фильмдер көрсетіліп, қоғамдағы өзекті мәселелер кеңінен талқыланды.

Жұртшылық назарына ұсынылған фильмдерде нашакорлық, әлеуметтік желідегі алаяқтық, буллинг пен зорлық-зомбылық сияқты жастарға қатер төндіретін мәселелер кеңінен көрсетілді. Ондағы әрбір оқиға – ойланбай жасалған шешімнің салдары екенін айқын аңғартты. Көрермендер залындағы студенттердің үнсіздігі бейнефильмді көріп қана қоймай, жүректен қабылдағанын аңғартады. Бұл қысқаметражды фильм-

дер жастардың күнделікті жағдаяттарына сыни баға беру қабілетін арттырып, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға шақырады.

Келелі кездесуде Медеу ауданы полиция бөлімі басшысы Жәнібек Шынасилов жастармен түрлі қылмыстық істер бойынша ашық диалог өрбітті. Ол құқық қорғау саласында қызмет ете жүріп, талай адамның бір сәттік қателігі немесе дұрыс шешім қабылдамауы өмір жолын күрт өзгертетінін айтты. Кей жағдайда бұл қателікті түзету мүмкін емес екенін жеткізді. Оның айтуынша, әрбір қылмыстық әрекет жеке адамға ғана емес, оның отбасы мен жақындарына, тіпті бүкіл қоғамға теріс әсер етуі ықтимал.

– Заң – тек тыйым емес, ол – қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі. Әрбір әрекетіңіздің артында жауапкершілік тұр. Көп жастар «бір реттен ештеңе болмайды» деп ойлайды, бірақ дәл сол «бір рет» деген сөз өмірді, отба-

сы мен достарды, болашақты түбегейлі өзгерте алады. Біз сіздерді қорқыту үшін емес, сақтандыру мақсатында келдік. Сондықтан әр таңдауды саналы және салмақты қабылдандыңдар. Адал еңбек пен білім ғана сіздерді биікке жеткізеді, ал жеңіл жолдың арты өкінішке толы болуы мүмкін, – деді спикер.

Көрсетілімнен кейін студенттер мамандарға сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Бұл іс-шара – жастар мен құқық қорғау органдары арасындағы диалогты нығайтып, саналы әрі жауапты азамат тәрбиелеуге бағытталған.

Бүгінгі буын – ертеңгі елдің тірегі. Сондықтан олардың құқықтық мәдениетін арттыру, заңды сақтауға баулу – қоғамның ортақ міндеті. Мұндай мазмұнды кездесулер жас ұрпақтың өмірлік бағытын айқындауға, қателіктен сақтанып, мүмкіндіктерге жол ашатын саналы шешім қабылдауға ықпал етеді.

Айтолқын НҮРЖАУСЫНҚЫЗЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 5 қарашада еліміздің болашағы үшін аса маңызды құжат – «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл құжаттың маңызы неде? Енді соған кеңінен тоқтала кетсек.

## ІШКІ САЯСАТСЫЗ ІС ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Кез келген ұлттың тұтастығын, бірлігін, ынтымағын нығайтатын мемлекеттік саясаттың ең басты саласы – ішкі саясат. Елдің ішкі саясаты мығым болмаса, сыртқы күштердің арандатуына, ықпалына түскен халық қандай жағдайға душар болатынын тарихтан жақсы білеміз. Осы құжат Президенттің Жолдаулары мен сөйлеген сөздері, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары негізінде, Ұлттық құрылтай мүшелерінің, мемлекеттік органдардың, қоғамдық және ғылыми ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып әзірленіпті. Мұнда еліміздің ішкі саясатының мақсаты елді келешекте тұрақты дамыту үшін қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету екені баса айтылған. Осы мақсатты жүйелі түрде жүзеге асыру үшін ішкі саясаттың негізгі алты қағидатын белгілепті. Олар – «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан».

Осы қағидаттарға зер салып, анықтап қараған адамға бәрі көрініп тұр. Бұлар мемлекеттік құрылыстың бірыңғай бағыт-бағдарын айқындап береді. Мәселен, біріншіден, «Заң мен тәртіп» қағидаты елімізде құқықтық мемлекеттің негізін қалауды білдіреді. Қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды». Ел болашағын ойласақ, бүкіл азамат тәртіпке бағынып, заң аясында ғана әрекет жасайтын мемлекетке айналуымыз керек.

Екіншіден, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл билік пен халық арасындағы өзара іс-қимыл құралы іспетті. Мемлекет халыққа жақын болу үшін қолдан келетін барлық мүмкіндікті жасап жатыр. Бұған мысал ретінде e-gov, e-otinish, тағы басқа да тетіктер арқылы түрлі мемлекеттік қызметтерді халыққа қолжетімді етті. Әлі де бұл салада көп жұмыс жасалып жатыр.

Үшіншіден, «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағидаты еліміздегі түрлі ұлт пен ұлыс арасында өзара түсіністік орнату жолын ашады. Бұл мәселеде бәрінің басын «бір ұлт» аясында біріктіретін мемлекеттік тіл екенін Президент Қ.Тоқаев өз сөзінде бірнеше мәрте айтқан болатын. Сондықтан еліміздегі өзге этностардың құқығын ескере отырып, болашақта бір мемлекеттік тіл аясында бірігу мәселесін қолға алған жөн.

Төртіншіден, «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» алдағы уақытта еліміздегі саяси басқару үлгісінде өзгерістер болатынын аңғартып тұр. Бұл дегеніміз, президенттік басқару үлгісіндегі елімізде ықпалды Парламент бір палаталы болып өзгеріп, атқарушы билік Үкіметіміз Президент пен Парламент алдында есеп беретін жүйеге көшетінімізді білдірсе керек.

Бесіншіден, «Адал азамат» – қағидаты азаматтық қоғамға бет бұра бастағанымыздың көрінісі. Елдегі кез келген азамат құқығы қорғалып, ойлау пайымы ескерілуге тиіс. Меніңше, қоғамда адал еңбек етіп, өз күнін көріп жүрген қарапайым жұмысшыдан бастап, мемлекеттік



қызметшілерге дейін барлығы осы «Адал адам» қағидатын ұстануы керек.

Алтыншыдан, «Таза Қазақстан» – қарапайым экологиядан бастап, қоғамдағы жемқорлыққа жол бермеуіміз қажет. «Таза Қазақстан» адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрыс этикасы ғана емес, айналадағы қоршаған ортаны аялап, сақтаудың да үлгісі болмақ.

Аталған құжат ұлт үшін аса маңызды осындай алты қағидатты ортаға салса, «Жалпыұлттық құндылықтар және нышандар» деп аталатын келесі тарауда «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік пен жауапкершілік», «Заң мен тәртіп», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Жасампаздық пен жанашылдық» сияқты негізгі құндылықтар туралы сөз болады. Осы бөлімде «Жалпыұлттық нышандар» атты арнайы тарау бар.

Жарлықтың соңғы тарауында еліміздің ішкі саясатының жеті басым бағытына тоқталған. Бірінші бағыт «Қоғамдық диалог» негізінде еліміздегі азаматтық қоғам институттарын дамытуға қажетті құқықтық, экономикалық және басқа да жағдайлар жасау керектігі айтылған.

Екінші бағыт «Этносаралық диалог» бойынша елімізде ұлты, нәсілі, басқа да белгілер бойынша кемсітудің барлық түріне түбегейлі қарсы тұрып, мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтық қоғам институттары этносаралық қатынастар саласында өзара тиімді іс-қимыл жасау керектігі баяндалады.

Үшінші бағыт «Дін саласындағы саясат» деп аталады. Мұнда еліміздің дін саласындағы мемлекеттік саясатының тиімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекетті дамыту ісінде зайырлылық қағидаттарын тұрақты түрде ілгері-лету, конфессияаралық келісімді, дінаралық толеранттылықты нығайту, дінді деструктивті мақсаттар үшін пайдалануға және діни наным-сенімді ұстануға біреуді мәжбүрлеуге жол бермеу керектігі сөз болған.

Төртінші бағыт еліміздің «Мәдени-гуманитарлық саясатына» арналған. Осы тарауда еліміздегі барлық этностың тілдерін дамытуға қолайлы жағдай жасай отырып, мемлекеттік тілдің халықты ұйыстырушы тіл ретіндегі әлеуетін дамыту керектігі нақты жазылған.

Бесінші бағыт «Отбасы саясатына» негізделген. Бұл бағытта

еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұру, әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отбасы саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет екені айтылған.

«Жастар саясаты туралы» алтыншы бағытта жастар арасында патриоттық тәрбие беру жүйесін дамыту, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды дәрiптеу мәселесі сөз болады. Соңғы бағыт – «Ақпарат саясатында» елімізде ағартушылық, ғылыми-танымдық және тәрбиелік мәні бар сапалы контентті дамыту, масс-медиа саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет екені баса айтылған.

Қорыта айтқанда, бұл құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік орган өз қызметінде ескеруге міндетті екені жазылған. Сондықтан аталған Жарлық еліміздегі қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде негізгі бағдар болатыны сөзсіз.

**Жылбек КЕРІМБЕК,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
аға оқытушысы, PhD

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА БЕТБҰРЫС

Жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялап, бұл бастаманы ел өркениетін стратегиялық дамытудың маңызды қадамы ретінде бағалады. Қазіргі уақытта жасанды интеллект түрлі сала бойынша қолданысқа енгізіліп, түрлі технологиялық мүмкіндіктерге жол ашты. Білім беру саласына да тың серпін беріп, оқу үдерісін инновациялық тәсілдер арқылы жаңарта бастады.

Осындай өзекті міндеттер аясында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Қысқы мектеп – 2026: Педагогикалық білім беруді жаңарту және зерттеушілік дағдыларды дамыту» жобасы шеңберінде «Цифрландыру, автоматтандыру, трансформация» тақырыбында стратегиялық сессия ұйымдастырылды. Басқосу – университеттің цифрлық даму бағытын айқындап, жасанды интеллектті білім беру үдерісіне жүйелі енгізудің басымдықтарын айқындаған алаңға айналды.

Стратегиялық сессияны университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп ашып, проректорлар, факультет декандары мен профессор-оқытушылар құрамына арналған мазмұнды дәріс оқыды. Өз баяндамасында ректор қазіргі кезеңде білім сапасын қамтамасыз ету педагогтың басты миссиясы екенін атап өтті. Оның айтуынша, ең озық технологиялардың өзі мұғалімнің кәсіби болмысын, құндылықтары мен жинақтаған тәжірибесін алмастыра алмайды. Осы тұрғыда жасанды интеллект ұстаз ең-

бегін толықтырып, кәсіби мүмкіндіктерді кеңейтетін тиімді құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Болат Анапияұлы әлемдік тәжірибеде білім берудің жаңа моделі қалыптасып келе жатқанын тілге тиек етті. Соның негізінде оқытуды жекешелендіру, инклюзивтілік, уәжді әрі мағыналы оқу, сондай-ақ метакомпетенцияларды дамыту секілді басым бағыттар жатқанын жеткізді.

Стратегиялық сессия барысында жасанды интеллекттің кеңінен қолдану деректердің қауіпсіздігі, әділдік, ашықтық, оқытушылардың даярлық деңгейі сияқты өзекті мәселелерді де күн тәртібіне шығарды. Сонымен қатар адам мен жасанды интеллекттің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуі, білім беру аналитикасының рөлінің артуы және операциялық модельдерді жаңа жағдайға бейімдеу қажеттігіне ерекше назар аударылды.

Ректор өз баяндамасында бүгінгі педагогтың рөліне де арнайы тоқталды. Оның пікірінше, қазіргі мұғалім – тек білім таратушы ғана емес, оқу үдерісін жобалайтын архитектор, кеңесші әрі тәлімгер. Осыған байланысты цифрлық және AI сауаттылығы деректер мен алгоритмдерді түсінуден бастап, этикалық жауапкершілік, жүйелік ойлау, тиімді коммуникация және инновацияға ашықтықты қамтитын кешенді құзыреттер жиынтығы ретінде қалыптасуы тиіс. Жиын соңында университет ректоры Болат Тілеп жасанды интеллект бағытындағы университеттің ұстанымына тоқталды.



«Мен жасанды интеллектке қатысты барлық оқу курстарына қатысып, үнемі үйренуге талпынып жүрмін. Қазіргі таңда бұл салада белгілі бір деңгейге жеттім деп айта аламын. IT саласы бойынша мамандық даярлайтын университет ретінде біз алдыңғы қатардан көрінуіміз керек. Біз тек пайдаланушы емес, технология өндіретін оқу орны болуға тиіспіз. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, дәл қазір әрекет етуіміз қажет. Бүгін қалай бастасақ, ертең еңбегіміздің жемісін солай көреміз.

Біз – тұңғыш университетпіз. Біз – қазақ қоғамының Қарашанырағымыз. Бізде тарих бар. Бізде даңқ бар. Алдыңғы әріптестеріміз жасаған жетістіктерін біз әлі азық етіп келеміз. Ашық айтуымыз керек. Дәл қазір осындай кезеңде біз кеш қалып қалмауымыз қажет. Білек пен найза керек кезде ешкімге дес бермеген халықпыз, ал енді білім мен айла керек кезде кеш қалып жүрмейік, – деп сөзін қорытындылады.

Стратегиялық сессия жұмысына

Инновация бойынша директор, innoforce.kz компаниясының өкілі Санжар Аубакиров та қатысып, жасанды интеллект турасында баяндама жасады. Ол цифрландыру, автоматтандыру және трансформация ұғымдарының айырмашылығын нақты мысалдар арқылы түсіндіріп, қатысушыларға олардың білім беру процесіндегі рөлі мен маңызын көрсетті. Оның айтуынша, цифрландыру – ақпаратты сандық форматқа көшіру, автоматтандыру – кол еңбегін бағдарламамен алмастыру, ал трансформация – процестердің өзін, рөлдер мен шешім қабылдау тәсілін түбегейлі қайта қарау екен.

Жиын соңында қатысушылар стратегиялық мәселелерді талқылап, өз ойларын білдіріп, жасанды интеллектті білім беру жүйесіне саналы әрі жауапты түрде енгізу жолдарын талқылады. Абай университетінің интеллектуалды білім беру экожүйесін қалыптастырудағы ортақ мақсаттары айқындалды.

**Бифат ЕЛТАЕВА**





## ОТБАСЫ – АДАЛ АЗАМАТ БАСТАУЫ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында елімізге белгілі өнер және білім майталмандарының қатысуымен «Отбасы құндылығы: дәстүр, тәрбие және заманауи көзқарас» тақырыбында тәрбиелік мәні зор кездесу өтті. Шараның басты мақсаты – жастарға отбасының қоғамдағы рөлін терең түсіндіріп, ұлттық құндылықтар мен адамгершілік тәрбиенің маңызын насихаттау.

Отбасын өз алдына бір мектеп десек, оның үш тұғыры – дәстүр, тәрбие және заманауи көзқарас. Осы құндылықтарды біріктірген кездесуге қоғам дамуына елеулі үлес қосып жүрген танымал тұлғалар – Аягүл Миразова, Бауыржан Жақып, Болат Бөкенов, Қаракөз Сүлейменова, Болат Әбділманов, Сәуле Досжанова бастаған түрлі өнер саласының майталмандары қатысты. Қонақтар университет жастары алдында сөз сөйлеп, отбасы институтының мәні, ұлттық тәрбиеге негізделген бала өсіру, ерлі-зайыптылар арасындағы жауапкершілік пен өзара сыйластық мәселелеріне жан-жақты тоқталды.

Спикерлер кәсіби жолындағы тәжірибелерімен қатар, өмірлік мысалдар келтіре отырып, отбасының адам тұлғасының қалыптасуындағы айрықша орнын айтты. Олар болашақ педагогтарды өз мамандықта-

рында да, отбасылық өмірлерінде де қазақы менталитетті басты бағдар етіп, тәрбиенің қайнарын ұлттық құндылықтардан іздеуге шақырды.

– «Жақсы ұстаз болудың қатып қалған ережесі жоқ. Жақсы ұстаз, жақсы ата-ана болу үшін ең алдымен жүректерің жылы болсын. Ал ел алдында абыройлы болам десендер, айтқан сөздерің де, ниеттерің де жылы болуы керек», – деп болашақ әріптестеріне жүрекке жетерлік ақыл-кеңесін айтты атақты ұстаз-педагог, Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова.

Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, ақын Бауыржан Жақып әже туралы тебіренерлік өлеңін оқып, өз шығармаларын Абай университетінің кітапханасына тарту етті. Ал Абай бейнесін сахнада сомдап жүрген актер Болат Әбділманов «Абайдың жұмбағы» спектаклінен әсерлі үзінді орындап, студенттерге рухани серпіліс сыйлады. Сондай-ақ, жазушы Сәуле Досжанова, әнші Қаракөз Сүлейменова және «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әртістері отбасылық құндылықтар жөнінде сөз сөйлеп, кештің мәнін тереңдете түсті.

Мазмұнды кездесу барысында студенттер білім мен тәрбиенің, кәсіби дамудың негізі ең алдымен отбасылық құндылықтардан басталатынын түйіп, рухани бай әсермен таркасты.

Айзере ШЫНАТ

# МЕДИАПЛЮРАЛИЗМ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖИ ҒЫЛЫМЫ

Алматыда «Медиаплюрализм: Орталық Азиядағы ЖИ ғылымы» 13-ші халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебі басталды. Қысқы мектептің ашылу салтанатына Қазақстан, Қытай, Йемен, Ауғанстан, Бангладеш, Қырғызстан, Өзбекстан және Қарақалпақстан елінен студенттер мен зерттеуші ғалымдар қатысты. Жасанды интеллект дәуіріндегі коммуникация этикасы мен философиясы, медиапедагогика модульдары оқытылатын қысқы мектеп жұмысы 28 ақпанға дейін жалғасады.

Дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан қысқы мектептің биылғы 13-ші сессиясы ЮНЕСКО жариялаған Дүниежүзілік радио күніне арналды. Жиын барысында цифрлық радиотехнологияларды қолдануда халықаралық білім мен тәжірибелік дағдыларды алмасу көзделген. Алматыдағы Біріккен ұлттар ұйымы ғимаратында ашылған Қысқы мектепті Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ұйымдастырып отыр. Сонымен қатар, оған БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің Қазақстан Республикасындағы БҰҰ Ақпараттық бюросы, ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы, Орталық Азия-Қытай журналистикасын зерттеу қауымдастығы қолдау көрсетуде. Халықаралық беделді іс-шараны модератор ретінде саяси ғылымдардың докторы, Абай университетінің профессор-зерттеушісі Гүлмира Сұлтанбаева жүргізді.

Іс-шараны ресми ашқан Абай университетінің Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Ерттай Сұлтан қазіргі ақпарат кеңістігінің жасанды интеллект дәуіріндегі ғылым мен технологияның үдерісіне тоқталып, сын-қатерлер мен мүмкіндіктерін тілгетік етті. Сондай-ақ, бұл университеттің аталған бағытты ғылыми әлеуетін арттыруға, халықаралық серіктестікті



дамытуға үлкен септігін тигізетінін айтты.

– Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті үшін бұл қысқы мектеп – ғылыми зерттеулер мен инновациялық ізденістерді қолдайтын, халықаралық серіктестікті нығайтатын, зерттеуші жастардың әлеуетін арттыратын маңызды платформа. Біз үшін ең құндысы – бүгінгі талқылаулардың нәтижесі ертенгі кәсіби ортаға, ертенгі қоғамға нақты ықпал етуі. Алдағы күндері өтетін дәрістер мен пікірталастар, шеберлік сабақтары сіздерге жаңа білім, тың идея және кәсіби серпін береді деп сенемін, – деді проректор.

Одан кейін сөз сөйлеген ҚР Президенті жанындағы ҰҒА Білім және әлеуметтік даму орталығының басшысы Жәнісбек Төлен, Қазақстандағы БҰҰ Ақпараттық бюросы Басшысы – Қазақстандағы БҰҰ жаһандық коммуникация департаментінің өкілі Властимил Самек, т.б. беделді медиа сарапшылар мен ғалымдар халықаралық қысқы мектептің рөлі мен маңызына, сондай-ақ медиа саласындағы жасанды интеллекттің қолданудың қыры мен сырына жан-жақты тоқталды.

Іс-шара аясында ҚазҰПУ про-

фессоры Гүлмира Сұлтанбаеваның ғылыми жетекшілігімен және де басқа да ғалымдардың авторлығымен жарық көрген алты кітаптың таныстырылымы өтті. Бұл басылымдар қазірдің өзінде сарапшылар тарапынан жоғары бағаға ие болып отыр.

Медиа мамандардың қысқы мектептегі түрлі шеберлік сабақтары мен тренингтері, сыни талдау мен пікірталас алаңы 10 күнге созылады. Қатысушылар онлайн және офлайн форматта қатысып, модульдер бойынша білім-білігін жетілдіреді. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, журналистика және коммуникация бағытында тың идеялар айтылып, сын-қатерлермен күресу жолы қарастырылады. Цифрлық радиотехнологияларды қолдануда жаңа білім мен тәжірибелік дағдыларды алу, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын көрсету және танымал етуде жаңа технологияларды қолдану әдістері мен құралдарын зерделеу, Интернет және цифрлық сауаттылық мәселелері бойынша жаңа дағдылар мен құзыреттерді меңгеру секілді т.б. тың тақырыптарда дәрістер оқылады.

Әзімбек ӘБДІҚҰЛҰЛЫ

## АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ



Абай университетінде Академиялық кеңестің кеңейтілген мәжілісі өтті. Басқосу барысында жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне ұсынылатын жаңа біліктілік талаптарын түсіндіріліп, білім беру қызметін жетілдіру, ұлттық рейтинг талаптарына бейімделу, педагогикалық практиканың тиімділігін арттыру және академиялық адалдық қағидаттарын нығайту мәселелері кеңінен талқыланды.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде сапалы оқыту тек оқу бағдарламаларын жанартумен шектелмейді. Академиялық ортада адалдық, жауапкершілік және әділ бағалау мәдениетін қалыптастыру – университеттің институционалдық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Осы тұрғыда академиялық адалдық білім алушылардың өз бетінше ізденуін, ғылыми жұмыстардың шынайы орындалуын және кәсіби этиканың сақталуын қамтамасыз ететін маңызды қағида ретінде қарастырылады.

Университеттің стратегиялық даму бағытын айқындайтын Академиялық кеңес – оқу және

ғылыми саясатты жүйелі түрде үйлестіріп, білім беру сапасына қатысты шешімдер қабылдайтын негізгі алқалы басқару органы. Кеңейтілген мәжілістің басты мақсаты – академиялық үдерістегі өзгерістерді талқылап, тәжірибелік бағыттағы жұмыстарды күшейту болды.

Кездесу барысында Академиялық қызмет жөніндегі проректор Бану Нарбекова қазіргі жаңашылдықтарға тоқталып, жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне ұсынылатын жаңа біліктілік талаптарын кеңінен түсіндіріп берді. Жасанды интеллект дәуірінде оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі мен академиялық жауапкершілігіне қойылатын талаптардың жан-жақты күшейіп келе жатқанын атап өтті.

Академиялық кеңес отырысында ұлттық рейтинг жүйесіне сәйкес, университеттің білім беру көрсеткіштерін жақсарту қажеттілігіне де ерекше мән берілді. Сондай-ақ, педагогикалық практиканың мазмұнын жетілдіру мәселесі көтеріліп, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру маңызы қаралды. Бұдан өзге дипломдық жұмыстардың эксперименталды бөлімін педагогикалық практика кезеңінде жүзеге асырудың тиімділігі, «Action Research» тәсілінің болашақ мамандарды кәсіби тұрғыда қалыптастырудағы әлеуеті сөз болды. Бұл әдіс студенттердің нақты тәжірибелік ортада зерттеу жүргізіп, мәселені талдау арқылы шешім қабылдау қабілетін арттыра түспек.

Басқосу соңында қатысушылар білім беру сапасын көтеру, академиялық адалдық мәдениетін орнықтыру және педагогикалық практиканы жаңғырту бойынша талқылау жұмыстарын жүргізіп, өз ұсыныстарын ортаға салды.

«Abai University» медиа орталығы



## АҚЫН ҚАСЫМХАН БЕГМАНОВТЫҢ КЕШІ ӨТТІ

Абай университетінде ақын, журналист, этнограф, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қасымхан Бегмановтың «Көктемге хат» атты жыр кеші өтті, деп хабарлайды Egeken.kz.

«Адал азамат» жобасы аясында өткен кездесуде қаламгер жастармен сұхбаттасып, поэзия әлемі жайында сыр тербеді.

Қасымхан Бегманов – жыр мен тарихты, сезім мен зердені сабақтастыра білген қаламгер. Жарты ғасырға жуық уақыт бойы әдебиет пен журналистика саласында өнімді еңбек етіп, ұлт мұрасын түгендеуге, рухани құндылықтарды дәріптеуге сүбелі үлес қосты.

Ақынның сыршыл поэзиясын бұл кеште жас қауым ерекше ықыласпен қабылдады. Махаббат, сезім туралы шумақтар кештің шырайын кіргізді.

Поэзия кешінде университеттің өнерлі жастары көпшілікке кеңінен танымал

«Ол көктем оралмайды», «Бақыттымын өзінмен» әндерін шырды. Оразалы Досбосынов атындағы жас ақындар орталығының мүшелері ақынға жыр жолдарын тебіреніспен арнады. Шаба Әденқұлқызы ақынның «Арманым едін», «Менің де дауысым естілер» әндерін нақышына келтіре орындаса, жас әнші Жақсыбек Қалелбек «Мен сүйген қыздар» әнін әуелетті. Ал Ақсұңқар Ақынбақызының орындауындағы «Тоғыспаған тағдырым» әні көрермен жүрегіне нәзік мұң сыйлап, зал іші үнсіз толғанысқа бөленді.

Ән мен жыр қатар өрбіген әсерлі кештен студенттер көп сауалға жауап алып, руханият, әдебиетке қатысты әңгімелерге қанық болды. Жүрек түкпіріндегі нәзік сезімдерді қозғаған бұл жүздесу жүректерге жылу, көңілге шуақ сыйлаған тағалымды басқосу болды.

Елімізге танымал ғалымдар, ақын-жазушылар мен журналистер рухани кештің қадірменді қонағы болды.

# «ABAI UNIVERSITY» ГАЗЕТІ – ТҰҢҒЫШ УНИВЕРСИТЕТ ШЕЖІРЕСІ

2 ақпан – Ұлттық баспасөз күні. Бұл – сөздің салмағын сезінетін, ұлттық сөз өнеріне тағзым жасайтын мәнді күн. Ел руханиятына қызмет етіп келе жатқан баспасөз өкілдерінің еңбегін елеу ғана емес, қоғамдағы басылымның орнын пайымдайтын сәт. Ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзі уақыт өткен сайын өз маңызын жойған емес. Солардың ішінде талай тарлан түлеп ұшқан Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ұжымдық баспасөзі – «Abai University» газеті де бар.

Абай атындағы ҚазҰПУ-да 1975 жылы «Педагог» деген атаумен шыққан газет – сол кезеңдегі оқу орнының ақпарат жаршысына, тұтас педагогикалық қауымның үніне айналған еді. Бұл басылым – университеттің тыныс-тіршілігін ғана емес, ұстаз бен шәкірттің ой әлемін, ғылым-білімдегі ізденістерді, әр кезеңнің өзекті сауалдарын басылым бетіне түсіріп келді.

Педагог газетінің алғашқы редакторы Төкен Әбдірахманов болған. Ол газетті ақпарат көзіне айналдырып қана қоймай, өзіндік ойы мен бағыты, үні бар басылым деңгейіне көтерді. Одан кейінгі жылдары басылымның редакторы қызметін Жасарал Қуанышалин, Дос Көшім сынды азаматтар атқарды. Айта кетерлігі, газеттің студенттер шығармашылығына бағытталған «Көкжиек» қосымшасы да жарық көрген. Мұнда Абай университетінің шығармашыл жастары сөзін сұхбаттар мен көлемді мақалаларын, өлеңдері мен көркем-суреттерін жариялаған.

Егемендік алып, ел еңсесін тіктеген соң жабылып қалған газет 2002 жылы «Abai University» атауымен қайта шыға бастады. 2008 жылдан бері университеттің түлегі, ақын Болат Шарахымбай газеттің бас редакторы қызметін атқарып келеді. Газеттің ішінде жастарға арналған «Студенттер күнделігі» қосымшасы жарық көріп, студенттік өмірді, жастар шығармашылығын



насихаттады. Қосымша білім алушылар арасында сұранысқа ие болып, университеттің тыныс-тіршілігіне терең бойлады. Талантты студенттерді біріктірген «Жас қалам» шығармашылық ұйымы шығарған қосымша жастардың әдебиет пен журналистикаға деген ынтасын оятып, сансыз дарынның жолын ашты. Бүгінде сол «Жас қалам» мектебінен түлеп ұшқан бірқатар жастар қазақ әдебиеті мен журналистикасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, ұлттық руханияттың дамуына үлес қосып келеді.

«Abai University» газеті әр кезеңде заман талабын дөп басып, мазмұны мен форматын уақытпен бірге жаңартып отырды. Газет беттерінде көрнекті ғалымдардың мақалалары, тәжірибелі ұстаздардың тағылымды жазбалары, жас зерттеушілер мен студенттердің тың ізденістері жарияланып тұрады. Шын мәнінде, «Abai University» газеті – университет тарихының қағаз бетіне түскен шежіресі ғана емес, жастардың өз пікірін ашық айтуға, ғылым мен қоғамдық мәселелерге үн қосуға шақыратын басылым.

Қазіргі таңда ақпараттық кеңістік жаңарып жатыр. XXI ғасыр – технология мен жасанды интеллект заманы. Дегенмен уақыт өзгерсе де, сөздің салмағы өзгермейді. Ал ойы терең, мақсаты айқын, рухы бар басылым әрқашан өз оқырманын табады. Бүгінде «Abai University» медиа орталығы құрамына кіретін «Abai University» газеті алдағы уақытта жаңа мазмұнда, соны дизайн, тың идеямен мазмұнды дүниелер ұсына бермек.

Айтолқын АРҒЫНОВА



## ЗАРИНА – БАС ЖҮЛДЕ ИЕСІ

2026 жылдың 23 қаңтарында Шымкент қаласында Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының Шымкент қаласы бойынша филиалы мен Қаратау дәстүрлі өнер мектебінің ұйымдастыруымен «Жеребенің жүйрігі» атты дәстүрлі республикалық жас ақындар айтысы өтті.

Еліміздің әр өңірінен іріктеліп келген 12 жас ақын сөз додасына түсіп, ұлттық өнердің терең тамырын, суырыпсалмалық дәстүрдің өміршеңдігін көрерменге кенінен паш етті.

Тартысқа толы өткен өнер сайысының қортындысында бас жүлдені Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 1-курс студенті, Оразалы Досбосынов атындағы жас ақындар орталығының шәкірті Зарина Оңғарқызы иеленді. Жас ақын өзінің тапқырлығы мен ой тереңдігін, суырыпсалмалық шеберлігін айқын танытып, көпшілік ықыласына бөленді.

«Abai University» медиа орталығы



## СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Абай университетінде өткен демалыс күндері ұжым арасындағы өзара мықтыларды айқындайтын спартакиада өтті. Салауатты өмір салтын қалыптастыратын шарада оқытушы-профессорлар қауымы мен қызметкерлер спорттың сан салалы түрінен сайысқа түсті.

Спартакиаданы Абай университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп сөз сөйлеп ашты.

Университеттің спорт кешенінде қатысушылар арқан тартыс, волейбол, шахмат және үстел теннисінен жарысқа түсті. Бұл – ұжым арасында бірлік пен ынтымақты арттыруға, дене белсенділігін нығайтуға мол үлес қосатын іс-шара. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар үздіктер анықталып, қаржылай сыйлықтар мен марапаттарға ие болды.

Спартакиада ойындарының қорытынды есебі бойынша мына құрамалар үздік деп танылды:

I орын – Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті;

II орын – Ректорат құрамасы;

III орын – Тарих және құқық факультеті.

## #seriktin\_photosy

### «Abai University» аруы



Перизат Бірлікбай,  
Филология факультетінің  
1-курс студенті

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
«ABAI UNIVERSITY»  
МЕДИА ОРТАЛЫҒЫ

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №9874-Г куәлігі берілген

Бас редактор  
Болат ШАРАХЫМБАЙ  
Көркемдеп беттеуші  
Нұржан МӘДЕЛХАН  
Фототілші  
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның мекен-жайы:  
050010  
Алматы қаласы,  
Достық даңғылы 13  
519-кеңсе  
Байланыс тел: 8 (727) 293-86-38  
Газет бүкіл республикаға тарайды

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.  
Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.  
Жазылу индексі: 65285  
Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс №224

Газет 050010 Алматы қаласы,  
Қазыбек би көшесі, 30-үй,  
«Ұлағат» баспасының  
баспаханасында басылды

Баспа директоры  
Нұрлан БАЛЫҚОВ